

1 2006

6034

КАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Қадыр
Мырза Эли

Манзапасы

2





Қадыр Мырза Эли

Мандаласы

Екі тапташқы
шыгармалар
жинағы

Екінші
том

Өлеңдер



Алматы
«Жазушы»
2005

ББК 84 Қаз 7-5
М 91

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөнө
спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

Қадыр Мырза Әли

М 91 Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы.
2-том. Өлеңдер – Алматы: Жазушы, 2005. –
432 бет.

ISBN 9965-746-27-3

Ақынның екі томдық шығармалар жинағының екінші
томына “Мәңгі майдан”, “Шыргалаң” кітаптарында жарық
көрген өлеңдерінің ең тандаулылары енді.

М 4702250202-070
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-746-27-3 (Т.2)
ISBN 9965-746-25-7

© “Жазушы” баспасы, 2005



МӘҢГІ МАЙДАН

* * *

Әр күн сайын құлшынып,
Әр күн сайын түле бір.
Мәңгі күрес — тіршілік,
Мәңгі майдан — бұл өмір.

Не болса да, сабыр ет,
Кетер кейде би ағат.
Бірде жеңсе ғаділет,
Бірде жеңер қиянат.

“Мысық-тышқан” ойнайды
Бір қуаныш,
Бір қайғы.
Жаңа жеңбей қоймайды,
Інеге ескірмей тұрмайды.

Ол ескіні тағы да
Ысырады бір жаңа.
Кір жүктірып ағыңа
Қара күйе жүр жала.

Айтқанмен сен төрелік
Бийінде отырып,
Жағаласа береді
Шындық пенен өтірік.

Ойлар мида түстеніп,
Көкіректе тұнайді.

Қасқа тісің түскенін
Басқа тісің тілейді.

Тоқушы, не етікші
Тұқ түсінбей қалады.
Бір аяғың
Екінші
Аяғынды шалады.

Бөліскеңмен қыр гүлін,
Келіспейді бажасы.
Сүйгендер де
Бір-бірін
Отырады қажасып!..

* * *

Жиырма жыл ішінде
Қайтсе де
Жақсы өмір болмасы айқын-ды.
Ең үлкен өтірік
Әйтсе де
Ең үлкен мінбеден айтылды!

Ақиқат біраз жыл жылапты,
Тұнышып батыр ұл,
Батыр қыз...
Өтірік ыстаған құлақты
Шындықпен тазалап жатырмыз!

* * *

Мыстанның өзі де алжыған
Мекерлік жасап бір көрмекші.
Бикешті алдайды Дон Жуан,
Бастығын алдайды көмекші!

Өтірік айтып ап, алақтар
Өсекші, үятсыз пәтшағар!
Өз байын алдайды жәлаптар,
Өз халқын алдайды патшалар!

Көрікті, келісті өнірде
Көп нәрсе тұрған жоқ үйлесіп...
Осының бәрі тән өмірге
Деп, өзін алдайды философ!

* * *

Өлерменге — атарман,
Қағып түсер қатардан.
Жету мақсат арманға,
Қайту мақсат сапардан.

Жолдас болсаң арамға,
Бір аяғың аранда!
Беру мақсат — жомартқа,
Алу мақсат — сараңға!

Уақыт, шіркін, ортайды-ay!
Ұят бізге марқаймау.
Ұл мақсаты — өсу де,
Қыз мақсаты — қартаймау!

Түк жетпейді бірлікке.
Жақсылардан сыр бүкпе.
Озу мақсат өнерде,
Қалмау мақсат тірлікте!

* * *

Көре біл де басқалардың тәуірін,
Сылап-сипа жүйріктедің сауырын.
Үрза болам десен егер,
Өмірдің
Жақсылығы жетіп жатыр, бауырым.

Қантардан да қын кейде сәуірің.
Тұз сепкендей удай ашыр сауырың.
Өкпелеймін десен егер,
Өмірдің
Жамандығы одан да көп, бауырым!

* * *

Бірің қазы,
Бірің сот —
Ұлықтарсың.
Алдарына қалай жұрт күліп барсын!
Күні түспес ешкімге тірі жан жоқ,
Бір нәрсеге,
Біреуге кіріптарсың!

Бәрі мұқтаж:
Малшы да,
Кеншілер де.
Балаларды қоя бер, енші бер де!
Кітап жазсаң — баспаға кіріптарсың,
Кіріптарсың ауырсаң — емшілерге!

Кетіп қалдың қай жерге шегіншектеп,
Өзің осы қалада,
Елің шетте.
Барам десен туысқа,
Кіріптарсың
Билет сатып отырған келіншекке!

Көресіні көресің пасықтан да!
Не түседі жігітті жасытқанда!
Қол көтерсөн,
Бұлданып тоқтамайды —
Кіріптарсың таксиге асыққанда!

Қандай көмек заңынан,
Ұранынан!
Бәрі өзіндей,
Сенбесен,
Сұра мыңнан!
Кіріптарсың кәдімгі слесарьге,
Көл-көсір бол су кетсе кранынан!

Ұры да бар...
Есікті құлыптарсың.
Ол ғой кілтке кіріптар,

Біліп барсын.
Іштің екен — араққа,
Айналайын,
Шектің екен — шылымға кіріптарсын!

Кейде құдай тұтасың мырықтарды.
Кім оп-оңай бастыққа кіріп барды?!
Малайыңның қолына билік тисе,
Талайыңды қояды кіріптар ғып!

Өте сирек жасалар дана қадам!
Ағайынның жартысы шала надан.
Кіріптар боп жылайды,
Күйінеді...
Кіріптар ғып,
Ләzzат алады адам!

* * *

Зердеміздің шамшырағы өше ме?
Есімде жок,
Солай ма еді кеше де?!
Тағы да бір маскунем деп ойлайды,
Тұрғызбайды,
Құлап қалсан қөшеде!

Сондай-сондай бар өмірде қызықтар.
Жатады мас тұмсығымен сүзіп қар.
Қуар болсаң,
Қан жалатып кетеді
Құлақшының ала қашқан бұзықтар!

Жетпіс жылда осы шыққан биігің!
Жігіт кезде салбырайды иығың.
Капитанның қалтасына түседі,
Қалдырса үйде милиция киімін!

“Тәуба! Тәуба!” — дей береді қарт адам,
Көңілі оның қалған өбден ортадан.
Екі он сомдық қарыз алып,

Кейбіреу
Екі мың сом ұтып шығар картадан!

Ақ саусақтар ұқсайтұғын сүлікке
Арқан тастап,
Болады ие құлікке.
Безбен ұстап тұрган адам —
Сатушы
Көзбояушы бола алады циркке!

Тұрлі тағдыр —
Тұрлі тірлік талабы.
Тенселеді таразының табағы.
Қара тер боп түк таппайсың,
Кейбіреу
Түк істемей сенен артық табады!

Өмір! Өмір!
Өмір деген — қайшылық!
Кешегі тал — бүгін кескен жай шыбық.
Құдығыңың суы бірде тартылып,
Қара жерден жатар кейде май шығып!

* * *

Бұл өмірде бір қиянат бар енді.
Бұлтты жылдар алды талай зәремді.
Адам көп пе әрі басшы, әрі әділ,
Ару көп пе әрі ақылды, әрі өнді?!

Біреулер жүр әлі күнге жарымай.
Біреу торта,
Біреулер жеп сары май.
Әрі кедей,
Әрі сараң ер бар ма?
Жолдас бар ма әрі жомарт,
Әрі бай?!

Жақсыға да,
Жаманға да жан қайғы.
Су жанады,

Ағаш кейде жанбайды.
Жабы бие құлындаиды жыл сайын,
Жүйріктерден кейде түяқ қалмайды!

Біреуге жаз,
Біреулерге қыс қайғы.
Жылы жұнді сұық парша тыстайды.
Бостандықта сайран салып құзғындар,
Бұлбұлды адам торға қамап үстайды!

Қоспақ қалды,
Жол үстінде нар өлді.
Жетпістегі ене қалды,
Жар өлді.
Жалғыз өлді,
Бірге туған он аман...
Қиянат бар,
Бір қиянат бар енді!

* * *

Күн — үміткер,
Бірақ тағы жеңбек түн:
Бәрі занды тумақ пенен өлмектің.
Күш-қуатың сарқылып та бітеді,
Қасиетін түсінгенше Еңбектің!

Қамзолыңның бар түймесін ағыттың,
Құшақ жайдың:
Кімді күттің?
Не күттің?
Ғұмырың да түгел өтіп кетеді,
Қасиетін түсінгенше Уақыттың!

Әрі күшке,
Әрі ақылға кім ие?
Бүгін жігіт —
Ертең шалсың кемиек.
Бүкіл өмір қайшылықтан қаланған:
Бірі болса,
Біреуі жоқ дүние!

* * *

Шіркін, бақыт!
Шынында, қимайсың ба?
Шыбын жанды бекерге қинайсың да!
Алдаймын деп ажалды пара беріп,
Алтын менен күмісті жинайсың ба?!

Байлық! Байлық!
Тіршілік кемесінде
Төніп келген апатқа бөгесін не?!

Қыз Жібек пен Баянның махаббатын
Әлде сатып алам деп сенесің бе?

Қомағайлық жараспас тәртіпті елде.
Қоғам мұлкін үйіне қарпып келме!
Артық бөлме сұрайсын,
Ағайын-ау,
Артық ақыл қоса ма артық бөлме!

Дақ түсірген арымыз,
Денемізге
Дәулет сонша керекті неге бізге?!

Мың сомың да тұрады бір сомыңдан.
Бір сом үшін
Немене —
Өлеміз бе!

Арманына дарынды жетсе бала,
Халық үшін қайғырып өтсе дана,
Болмайды ма?!

...Байлықты сыйлаймын мен
Кедейлікке қызмет етсе ғана!

* * *

Қанша күндер,
Қанша жылдар босқа өткен!
Қанша кештер сезім билеп,
Ес кеткен!
Кейін білдік,

Кейін ұқтық көп жайды...
Мамық төсек қауіпті екен бөстектен!

Сенің бейбіт күндерінді кім шапты?
Секендеңен сері кездер мұң шақты.
Жылы орынды сүйеді екен бөкселер,
Жамбас шіркін сүйеді екен жұмсақты!

Көздел атып құралай мен елікті,
Кесір көңіл аяқ асты желікті.
Қол шіркіндер сүйеді екен тізгінді,
Тақым әсте сүйеді екен көлікті.

Қанша ақылдың ойбай салған жазығы!
Қарын менен ойдың бөлек азығы.
Баламыз да
Бабамыздай баяғы
Сүйеді екен қарта менен қазыны.

Көкірекке түсірмеппіз көргенді.
Көп-көп алып,
Қоштамаппыш бергенді.
Көмей шіркін сүйеді екен шәрбатты,
Кеуде шіркін сүйеді екен орденді!

Көмекейге бетон бөгет қойдырып,
Қайран елдің бір демалды ой-қыры.
Қаншама жыл аштау ұстап ақылды,
Қарын жағын жіберіппіз тойдырып!

Көп нәрсені түсінесің өткесін,
Кеуек басқа көп жыл жүріп жеткесін.
Не болмады!
Не көрмедік!
Тірлікті,
Дарын емес,
Қарын билеп кеткесін!

Жалтақтаймыз,
Жасырамыз несіне!
Жамандықты кейін алдың есінде.

Тосегінді төрт қабаттан жатып ап,
Тойған қарын бой бермейді иесіне!

Қанша күндер,
Қанша жылдар босқа өткен!
Қанша кештер байлық билеп,
Ес кеткен!
Кейін сездік,
Кейін білдік көп жайды,
Мамық төсек қауіпті екен бөстектен!

* * *

Сөзден артық жоқ мұрам,
Сөздің биік Кавказы...
Самғамайды тоқ қыран,
Тұлкі алмайды тоқ тазы.

Байтал түгіл бас қайғы
Болар...
Шүкір демесек!
Жиі тезек тастайды
Жол үстінде тоқ есек.

Қасірет, мұң жоқ деме
Дайын тұрған кіруге.
Есіктегі көк төбет
Ерінеді үрге.

Көп пайдалы орындар,
Одан да көп үміттер.
Теріс қарап қорылдар
Тояттаған жігіттер.

Ойлы ауылдың түлегі
Жердегі емес —
Көктегі үл...
Ыржың-ыржың күледі
Той үстінде тоқ көңіл!

* * *

Өмір-ғұмыр қақында
Ойлайды әркім әр түрлі.
Шалекей ой тақымдап,
Шыбын жаным шарқ ұрды.

Жүрек сыздап ауырып,
Жағалайды қара мұн.
Білеін деп, бауырым,
Біреулерге қарадым.

Жен ұшынан жалғасқан
Жасамыстың,
Жастың да
Төбесінде — көк аспан,
Тарлан бозы — астында.

Жайнағандай жаз айы,
Жамырайды ауыздар.
Дачасы бар ғажайып,
Моншасы бар,
Хауыз бар.

Жетіп мақсат, мұратқа,
Жоқ алған бір алғысы,
Үстерінде бірақ та
Киімнің бар сәндісі.

Қазылары үш елі
Қарынды бір бектердей:
Түк бітірмей іshedі,
Алады hем түк бермей.

Жек көрем де соларды,
Өзімді-өзім аяймын...
Қасиетті,
Құнарлы
Қандай болмақ әйәй күн!

Емес өмір айлық жол,
Ұзақ жолда тоят жоқ.

Ар бар жерде байлық жок,
Байлық барда үят жок!..

* * *

Тізгіні жоқ мақтаншақ бишараны
Тез мас қылар дәулеттің аңы арағы.
Буы жаман байлықтың,
Буы жаман,
Артық дәulet, шынында, бас жарады.

Ақын саған айтпайды жарты нақыл.
Айтқан сөздің болғай тек арты мақұл.
Артық дәulet сөз бе екен!
Айналайын,
Кейде тіпті жақпайды артық ақыл!

Ақырын шерт,
Ақырын домбыранды!
Артық шырқап қиналма сол бір әнді.
Артық нәрсе — артық жүк,
Мықты болсан,
Артық ішіп көре ғой он грамды!

Тәртіп бұзса,
Үйіңе ертіп келіп,
Баланды шерт,
Басыңа шертіп көріп,
Артық алма,
Ағайын!
Алмақ түгіл,
Ұнамайсың кей кезде артық беріп!

Артық нәрсе жатпайды қанағатқа,
Айналады артық сөз балағатқа.
Берекесіз аңқылдап артық күліп,
Болады ие дарақы деген атқа!

Жуастарда болады тәртіп басым,
Жатпайды олар сөзбенен қарпып қасып.

Артық айтып босесін,
Ағайын-ау,
Иығында бар ма еді артық басың!

Қыстың емес,
Көңілдің ауа райын
Қолайсыздау қылмағай келер айың.
Ақылсудан сақтасың!
Мен де сөзді
Артық кетпей тұрғанда доғарайың!

* * *

Аман ба өзі, айналайын, жан басы?!

Амандықтан тоза берсін жамбасың!

Ұнатпаса ұнатпасын ұлықтар!

Бақ жүлдизы жанбады ма?

Жанбасың!

Тағдыр бұлты тамбады ма?

Тамбасың!

Қимады ма?

Қимасын сол дәмді асын!

Қайсар деген сен туралы пікірден

Замандастар танбады ма?

Танбасың!

Асығынды бермеді ме?

Бермесін!

Асылынды көрмеді ме?

Көрмесін!

Саябырып қалмасын тек әйтеуір

Сол баяғы сілтесің мен сермесің!

Көбеймесе көбеймесін мал басы!

Қарсыласың жалдаптарын жалдасың!

Қолында ма сол баяғы алмасың?

Алмасыңың жүзін тозаң шалмасың!

Жабылады!

Тағылады күнде мін.

Кім тоқтатпақ бірақ дарын дүрмегін!
Құдайым-ау, бақытың ғой,
Бақытың! —
Қасақана
Өлмей тірі жүргенің!

* * *

Бала кезде болмайды ақыл —
Сол қайғы.
Қонбайтынға ғұмыр бойы қонбайды.
Қайткен дұрыс?
Шығып қалдық сапарға,
Орта жолдан оралуға болмайды.

Куатың бар,
Қайратың бар қаншалық?!
Құнан үйрет,
Құрық ұстап,
Қамшы алып.
Ән салдың ба?
Сал әнінді ышқынып!
Күй тарттың ба?
Тарт күйінді жан салып!

Жеріңе жет арғымағың арытып.
Табанынды
Таба құмға қарытып.
Ер жігітке серік болмас дүние,
Жарты дәulet мал болмайды жарытып.

Фашық жүрек берген екен қол ұшын,
Қуанышқа толсын қойны-қонышың.
Күйдің екен,
Сүйідің екен сұлуды,
Суға да тұс,
Отқа да тұс сол үшін!

Жүрттың бәрі ақ құшағын жая ма?!

Жая қалса,

Жатырқама,
Аяла!
Тыныш жүрген тірі адамға тиіспе,
Тиісті ме?
Тиіссе өзі...
Аяма!

Әрі шаттық,
Тірлік әрі қорқыныш.
Өмір — майдан,
Өзіңе өзің бер қылыш!
Ниет шығар —
Шәрбат құйса заманың —
Шишаңы не?
Шелегі не?
Сарқып іш!

Адамдар аз болатұғын сүйеніш.
Ағайын көп түрған бойы күйелеш.
Тағдыр солай —
У берсе егер заманың —
Тамшысы не?
Тостағы не?
Түгел іш!

Сүйен Даля,
Сүйен теңіз,
Тауыңа!
Төзе алмасаң тіршіліктің дауына,
Өзіңе өзің қол көтерме,
Көтерсөң,
Көтер оны дүшпаныңа,
Жауыңа!

Тіршіліктің кейде тіпті шері — бал.
Бір жоғалтсан,
Қайта оралмас кері мал.
Екі айналып келмейді өмір,
Келмейді!
Келмейді екен,
Не болса да, көріп ал!

* * *

Жігіт болсаң керек саған жеке ерлік.
Жеке ерлікке жігерің де жетерлік.
Аулағырақ болсын сенен қашанда
Алаяқтың бойындағы мекерлік.

Адал жанда жоқ күреске даярлық.
Аңқаулығы әлсіздікке саярлық...
Азаматты арандатар оп-оңай
Арамзаның бойындағы аярлық.

Мықтысың ба?
Күрескенді жығасын.
Мильтысың ба?
Тірескенді үғасын.
Неге бірақ
Түк қиянат іstemей,
Дос алдында кінәлі боп шығасын?

Байқаймысың адамдардың аласын?
Жазықсыздан шырқыратар жала — сын.
Өсегің жоқ,
Төсегің жоқ былғанған,
Бірақ неге үятты боп қаласын?!

Қонағына сатып берер кім асын?!

Біле алмайсың арамдардың ықыласын.
Өзі қызып, өзі бұзып барлығын,
Бұлк етпестен саған артар кінәсін!

Күлкі қайда?
Күлер жерде күлмейсің.
Кулық — патша,
Сен — кәдімгі күндейсін.
Көз алдында көріп тұрған жауың жоқ,
Кіммен қалай күресерге білмейсің.

Бөрік дейміз.
Астында оның жатыр кім?
Айыбы не сотталардай пақырдың?!

Айқасып-ақ өлетүгүн, шіркін-ай,
Ашық майдан —
Арманы ғой батырдың!

* * *

Айтып қалып жүрме біраз андамай!
Аяқ асты басталады дау-дамай!
Кеше ғана алғандай ем сақалды,
Бүгін, міне, көріп тұрсың, қауғадай!

Тәй-тәй басты.
Сәби тұсау кестірді.
Киім киді,
Бой түзеді,
Ес кірді.
Кеше ғана сияқты еді туғаны...
Кешегі алған үй де, міне, ескірді.

Әрине ғой!
Жұлдыз болсаң сөнбейсің!
Енді, міне, көктемдегі сендейсің.
Кеше ғана сияқты еді мәңгі дос,
Бүгін мұлдем өз көзіңе сенбейсің!

Түйін! Түйін!
Түйінді кім шешеді?!
Түйдек-түйдек көңіл бұлты көшеді.
Үлбіреген ару едің сен кеше,
Кеше еді ғой! Кеше еді ғой! Кеше еді!

* * *

Асыл ғой деп сүйегі,
Ардағын ел сүйеді.
Адалдығың
Арамның
Қытығына тиеді.

Бесте тісің түседі,
Елуде ақыл піседі.
Жомарттығың

Сараңның
Ішіне от боп түседі.

Жан бітіріп құштарлық,
Жайнатады қыштарды.
Қабілетің
Оятар
Қызығанышын іштардың.

Қорғайсың сен қауымды,
Тенізінді,
Тауынды...
Батырлығың
Бір минут
Үйқтатпайды жауынды!

Тас жаратын талабы
Талантқа көз талады.
Іздемей-ақ
Мықтылық
Дүпшан тауып алады!

* * *

Айналайын, абайла,
Тастайды жүк бүкір ғып.
Аман болсаң алайда
Бүкірлікке —
Шүкірлік!

Оразада беретін
Тиының жоқ пітірлік.
Кедейлік бар көретін,
Кедейлікке —
Шүкірлік!

Адам мәңгі тұрмаған,
Бәріміз бір шұқырлық.
Он баладан бір бала
Тірі қалса —
Шүкірлік!